

ОСПАН БАТЫР БАСТАҒАН ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сұлушаш Исенова

тарих пәнінің мұғалімі

Алға ауданы Бестамақ орта мектебі

Ақтөбе облысы, Қазақстан Республикасы

Мақаламызда ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы Оспан батыр Ісләмұлы бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының зерттелуінің тарихына қысқаша шолу жасамақпыз. Синьцзян Ұйғыр автономиялы ауданы бұрынғы Кеңес Одағына (немесе ТМД-ға) көрші орналасқандықтан, ондағы болып жатқан саяси оқиғалар бұрынсоңды Кеңес өкіметі мен оның тарихшы, социолог ғалымдарын да бей-жай қалдырмаған.

1930-1949 жылдар аралығында Синьцзян мәселесі Кеңес Одағы мен Қытайдың қарым-қатынас тарихында өте маңызды түйінге айналған. Халықаралық жағдайдың құбылмалығы Синьцзян мәселесіне де өз ықпалын тигізіп отырған. Сондықтан Кеңес Одағында жарық көрген бірсыпыра кітаптар біздің Синьцзян тарихын, әсіресе, ондағы ұлт-азаттық тарихын танып білуімізге септігін тигізеді. Бұл ретте 1940-1943 жылдары Синьцзянда болып қайтқан кеңестік дипломат В.И.Иваненконың [1] естеліктерін атауға болады. Сонымен қатар В.Г.Боголовский мен А.А.Москалевтің [2] 1911-1949 жылдар аралығындағы Қытайдағы ұсақ ұлттар саясаты және олардың тарихы туралы зерттеулері бар. Тарихшы Р.А.Мировцкаяның [3], зерттеуші – ғалым Н.Н.Мингуловтың [4] аталған дәуірге арналған зерттеу материалын, А.М.Дубинскийдің [5] 1937-1945 жылдардағы Кеңес Одағының АҚШ, Қытай және Монғол Халық Республикасымен болған дипломатиялық қарым-қатынасындағы Монғолия, Синьцзян және Манчжурияға байланысты саясаты, Синьцзянға жасаған түрлі әскери-экономикалық көмегі жөніндегі деректері жарияланған. Ал, М.И.Сладковский [6] Кеңес Одағы, Қытай, АҚШ қарым-қатынастары, Ялта келіссөзі, Кеңес-Қытай Мәскеу келіссөзі, 1917-1974 жылдардағы Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық байланыстар туралы зерттеулерін атап айтуға болады. Г.В.Астафьевтің [7] 1945-1949 жылдар аралығындағы АҚШ-тың Гоминьдан үкіметіне берген әскери-экономикалық жәрдемі, комминзмге қарсы үгіт-насихаты және әрқайсысы жерлердегі әскери базасы, авиа-экспедициялық әрекеттері жөніндегі зерттеулері белгілі. Автордың еңбегінде ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы Оспан батыр Ісләмұлы бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының тарихына қатысты тарихи деректер баршылық. М.С.Капицаның [8] зерттеу еңбектерінде бірталай деректер қамтылған.

Орыс ғалымдарының зерттеулері тек 40-шы жылдардағы қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысына әсер еткен сыртқы факторлар туралы, атап айтқанда, сол кездегі халықаралық жағдайдағы түрлі өзгерістердің ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-мұраты мен күрес тәсілінде қандай өзгерістердің тууына итермелегендігі жөнінде мәліметтер берумен шектеледі.

Оспан батыр Ісләмұлының өмірі мен қызметі туралы әдеби шығармалар, естеліктер, мақалалар көп жазылды. Солардың бірі, Жәди Шәкенұлының «Оспан» [9] атты, Дәлелхан Жаналтайдың «Қилы заман, қиын күндер» [10] атты еңбегі, Моңғолиялық Шынай Рахметұлының «Оспан» кітабы, сонымен қатар Оспан батыр бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісін тілге тиек еткен, Синьцзянда жарық көрген Пәтіхан Сүгірбаевтың «Алтай арпалыстары», Шәйсұлтан Қызырұлының «Қайқая шапқан қарагер» атты кітаптары, Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» [11], Моңғолия дерекнамалары арқылы Оспан өмірін зерттеп жүрген әдебиетші-ғалым Ақеділ Тойшаұлының зерттеуі де, Д.Кәпіұлы мен Ө.Нәбиұлы құрастырып, Д.Жолжақсыновтың

алғы сөзімен шыққан ғылыми жинақ та [12], Ғазез Райысұлының «Самұрық» атты монографиясы да, Оспанның комиссары болған Нұрғожай батырдың естеліктері де, Н.Мұқаметханұлы, Ж.Сәмитұлы, Т.Зәкенұлы, С.Рахметұлы, Ж.Бөдешұлы, Н.Оспанұлы, тағы да басқа зерттеулері де, сонымен бірге С.Әбілқасымұлының «Оспан батыр» романы мен белгілі ғалым-жазушы Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» атты бірнеше кітаптан тұратын романы бар. Онда Ісләмұлы Оспан батырдың азаттық жолындағы күрескерлік бейнесін әр қырынан ашып көрсетеді. Бұдан басқа, «Оспан батыр» жайлы америкалық зерттеушілердің, басқа да шетел жазушылары мен ғалымдарының ағылшын тілінде жазған мақалалары мен тарихи естеліктері жарияланған.

Оспан батыр туралы алғашқы көлемді еңбек 1956 жылы Лондонда жарық көрді. Ол «Kazakh Exodus» яғни «Қазақ босқындары» [13] деген атпен шыққан. Көлемі 230 беттен тұратын бұл кітапта Оспан батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басталуының саяси тарихы жан-жақты баяндалады. Еңбекте Оспан батырдың туған ортасы мен оның азаматтық көзқарасының қалыптасуы мен батыр атанған ерлік істері мен өмірінің ақырына дейінгі өмір шежіресі толық қамтылған. Бұл еңбек сол кездегі тарихи оқиғалар негізінде жазылғандықтан деректер тарихи фактілері жағынан өте құнды кітаптардың бірі болып табылады. Сонымен бірге тағы бір маңызды еңбек – 1986 жылы шетелде жарық көрген Эндрю Форбестің «Қытай Орталық Азиясындағы сардарлар және мұсылмандар: республикашыл Синьцзянның саяси тарихы 1911-1949» атты зерттеуі бүгінде сирек кездесетін еңбектер қатарында. Ал, американдық тарихшы Линда Бенсонның Іле көтерілісі жайындағы 1988 «Синьцзяндағы этникалық азшылық және қазақтар туралы зерттеулер» (The Kazaks of China Essays on an Ethnic Minority) атты кітабының бір тарауы «Қазақтың алтын аңызы – Оспан батыр» (The Kazak's Golden Legend) [14] аталады. Бұл әдебиетте Оспан батырдың ұлт-азаттығы жолындағы қайраткерлік тұлғасы баяндалған. «Қазақтың алтын аңызы – Оспан батыр» атты тарауы орыс тіліндегі аудармасы көпшіліктің қолына жетті.

Оспан батыр туралы зерттеулердің бірі 1999 жылы Гонконгта «Совет Одағының көлеңкесіндегі Іле уақиғасы Шыңжаңдағы этникалық қақтығыстар мен халықаралық бақталастықтар 1944-1949» деген атпен жарық көрді. Кітап авторы Девид Уаң 1979 жылға дейін Шыңжаңда тұрған қытай азаматы. Көлемі 600 беттен тұратын бұл кітапта Шыңжаңдағы сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты көптеген деректер бар. Оспан батыр Ісләмұлының тарихына қызығушылық танытқан бүкіл әлем жұртшылығының өкілдерінің зиялылары тарихи тұлға тарихына қатысты еңбектер жазды.

Қытайдағы қазақтанушы ғалым, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің кафедра меңгерушісі, доцент, Қайыркен Тұрсынхан Закенұлының «1940-1949 жылдардағы Синьцзян қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы» [15], тақырыбына жазылған, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу еңбегі қорғалып, автордың авторефераты жарияланған. Тұрсынхан Закенұлының ғылыми зерттеу еңбегімен таныса отырып, жалпы ұлт-азаттық қозғалыстарға тән ортақ ұқсастықтарды көруге болады. Олар С.Датұлы көтерілісінен А.Иманов көтерілісіне дейінгі барлық ұлт-азаттық қозғалыстарға тән белгі.

Біріншіден, тәуелсіздікке қол жеткізу.

Екіншіден, ұлт-азаттық қозғалысының негізгі мәселесі ұлттық мемлекетті сақтап қалу.

Үшіншіден, Халқын соңына ерткен тарихи тұлға ұлт-азаттық қозғалысының басшысының бұқара ішінен шығуы. Қ.Т.Зәкенұлының тарихи зерттеуінде осынау үш мәнді белгінің болмыс-бітімін ашқан деректер, құжаттар баяны молынан жинақталған. Мәселен, кейбір жекелеген авторлар өз естеліктері мен мақалаларында қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихын 1944 жылғы Нылқы көтерілісімен ғана байланыстырып келсе, Тұрсынхан Закенұлы өзінің зерттеуінде ХХ ғасырдың 40-шы жылдардағы қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының бастамасы ретінде 1940 жылғы

Алтайдағы Есімхан, Ырысхан, Оспан батырлардың көтерілісінің маңыздылығын дәлелдейді. Автордың зерттеу жұмысы қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысын, әсіресе ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы олардың саяси өміріндегі аумалы-төкпелі жағдайларды арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеген жұмыс болып танылуымен құнды. «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдық басылымның 12, 13, 14 томдары, «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық басылымының 4 томында Оспан батыр тарихына қатысты деректер молынан кездеседі. «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдық басылымның 12, 13, 14 томдары Шығыс Түркістан қазақтарының 40-жылдарға дейінгі саяси, әлеуметтік және шаруашылық жағдайлары, ұлт-азаттық қозғалысының басталу себептері, барысы және нәтижесі жан-жақты ашып көрсетіліп, көпшілік назарын олардың қазіргі хал-ахуалына, жалпы диаспора мәселесіне аударса, «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық басылымының 4-томында қазақтардың Синьцзяндағы (Шығыс Түркістан) ұлт-азаттық қозғалысына қатысуы (30-50 жылдар) себептері мен олардың саяси жер аударуына қатысты біршама тоқталады.

Оспан батыр Ісләмұлы бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының зерттелуінің тарихына қысқаша шолуымызды қорыта келегенде, Оспан батыр Ісләмұлының басшылығындағы қытай қазақтарының ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы азаттық жолындағы ұлт-азаттық қозғалысы да жалпы ұлтқа тән ұлт-азаттық қозғалыстың бір бөлігі болып табылады. ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Қытай қазақтары өздері қоныстанып отырған өріс қоныстарымен қоса Цин билігіне қараса да, өздерін жалпы қазақ жұртының бір бөлігі ретінде сезініп келді. Бұған дейін олар Ресей мен Қытай арасында шекара бөлісі болғанынан да хабарсыз еді. Сөйтіп, отаршылдық, бодандық деген ұғымды біреу ерте, біреу кеш түсінді. Ата қоныс, ақ орда талауға түсіп, тағдыры екіұдай болған кезде барып ереуіл атқа ер салды. Соның бір мысалы ретінде ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы Оспан батыр бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық күресін айтуға болады. Бұл күрес күні кеше ғана аталмыш өлкеде коммунистік қызыл Қытай билігі орнағанға дейін жалғасты. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықаралық жағдайда болған түрлі өзгерістер бұл аймақтағы Оспан батыр бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының соңғы нәтижесіне өз ықпалын тигізбей қоймады. Кенес Одағы өзінің Қиыр Шығыстағы қауіпсіздігін негізге алып, Синьцзян мәселесінде Қытайға жол беруге мәжбүр болды. Сөйтіп, Есімхан, Ырысхан бастап, Оспан батыр одан әрмен жалғастырған қытай қазақтарының ұлт-азаттық күресі ақырында сәтсіз аяқталды. Бірақ Оспан батыр бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы соңғы есепте Қытай коммунистерінің пайдасына шешілді. Олар 1940-1945 жылдардағы Оспан батыр бастаған қытай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысын «Үш аймақ төңкерісі» етіп кішірейтіп атап, оны Қытайдағы жаңа демократиялық төңкерістің бір бөлігі ретінде сипаттады. Гоминьдан мен Шығыс Түркістан Республикасының өкілдері арасындағы бітім шартында көрсетілген құқықтар жайына қалып, 1955 жылы жаңаша үлгідегі Синьцзян ұйғыр автономиялы ауданы (немесе өлкесі) құрылды. Сол жылы қазақтар қоныстанған Іле, Алтай, Тарбағатай аймағын негіз етіп Іле қазақ автономиялы облысы құрылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Астафьев Г.В. Интервенция США в Китае (1945-1949). – Москва: Мысль, 1985. – 399 с.
2. Астафьев Г.В. Интервенция США и ее поражение (1945-1949). – Москва: Госполитиздат, 1958. – 526 с.
3. Әбжан Х.М. Ежелден аңсаған азаттық. // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, көп томдық. Т. 12. – Астана: Астана полиграфия АҚ, 2009. – 335 б. – (13-15 бб.).
4. Әбілқасымұлы С. Оспан батыр. // Оспан батыр: деректі зерттеу. – Алматы: Арда, 2007. – 184. – (7-18 бб.).
5. Әмірбекұлы С. Елімдеп өткен өр ұлан // Айқын, 2009. 26 қараша. – 24 б.

6. Бабалықұлы Ж. Қытай қазақтарды 33% азайтып көрсетеді. // Қазақстан-ZAMAN. – 2007. 11 мамыр. – 8 б.
7. Бажанов Е.П. Движущие силы политики США в отношении Китая. – Москва: Наука, 1982. – 240 с.
8. Байбосынов А. Оспан батыр және үш аймақ төңкерісі. // Қазақ тарихы, 2008. №3. – 122 б.
9. Байрова Е.Б. Советско-монгольские отношения в 1921-1970 гг. // Страны Дальнего Востока. 1973. №5. – (С. 45-48.).
10. Байтұрсынұлы Д. Шекара сызықтары шимайлаған Қазақ даласы. // Атамекен-ай. 2005. №1. – (25-26 бб.).
11. Бармин В.А. Советский Союз и Синьцзян 1918-1941 гг. (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза). – Барнаул, 1998. – 190 с.
12. Бәмішұлы Б. Оспан батыр. / Оспан батыр: деректі зерттеу. – Алматы: Арда, 2007. – 184 б. – (161-168 бб.).
13. Бейсенғазы Ұ. Оспан батыр және Шығыс Түркістан республикасы. // Түркістан. 2010. 7 қазан. – 11 б.
14. Белғожа Е.Қ. Қытайдың батыс ұлттық аудандарындағы демографиялық жағдай (1949-2003 жж.) Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 29 б.
15. Боголовский В.А., Москалев А.А. Национальный вопрос в Китае (1911-1949). – Москва: Мысль, 1984. – 200 с.

ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТАЦИИ ПОЛЯКОВ В КАЗАХСТАН

Козина Валерия Викторовна

доктор исторических наук, профессор

Елеуханова Светлана Викторовна

кандидат исторических наук, доцент

Карагандинский государственный университет им. Букетова

г.Караганда, Республика Казахстан

2015 год объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана. Научное осмысление истории депортации поляков в Казахстан будет способствовать укреплению общественного согласия в стране, обеспечению национального единства народа Казахстана. Республика Казахстан является уникальной страной по своему этническому разнообразию – более 130 национальностей проживают здесь и мирно сосуществуют более 40 конфессий и деноминаций. Абсолютная численность поляков и их доля в этнической структуре Республики Казахстан сокращается. Так, если в 1999 году поляков было 47 302 чел., то согласно переписи населения 2009 год в Республике Казахстан, здесь проживают 34 057 поляков. В этнической структуре Казахстана эта этническая группа составляет 0,2% [1, 166-297].

Процесс формирования и развития многонациональной структуры региона проходил в контексте и на фоне социально-экономических и политических реалий. Так распорядилась история, что древняя земля казахов стала родиной для представителей многих народов, в том числе и для поляков.

История поляков в Казахстане насчитывает столетия и имеет глубокие корни и традиции. Еще в 1246 г. польский путешественник и монах Бенедикт и итальянец Джованни Карпини в ходе путешествия в Монгольскую империю прошли и по территории современного Казахстана (озеро Балхаш, долины рек Сырдарья и Или). Это было первое посещение Великой степи европейцами, которое состоялось на 25 лет раньше знаменитого путешествия Марко Поло. Бенедикт и Карпини оставили потомкам много